

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы N 1996 және 2000 жылғы 7 қаңтардағы N 27 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 қаңтардағы N 88 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшыру жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) дайындау жөніндегі нұсқаулық туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы N 1996 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 58, 570-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшыру жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) дайындау жөніндегі нұсқаулықта

2-тармақтың екінші абзацындағы "Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне" деген сөздер "Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтың төртінші абзацындағы, 3-тармақтың екінші абзацындағы "Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне" деген сөздер, 4-тармақтың бірінші абзацындағы "Энергетика, индустрия және сауда министрлігі" деген сөздер тиісінше "Көлік және коммуникациялар министрлігіне", "Көлік және коммуникациялар министрлігі" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.16 № 141 Қаулысымен;

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі